

**Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Ресей
Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі арасындағы ғылыми-техникалық
ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 маусым N 832

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 8 шілдеде Алматы қаласында жасалған Қазақстан

Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Ресей Ғылым
академиясының Сібір бөлімшесі арасындағы ғылыми-техникалық
ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Үкіметтің
қабылдаған шешімі туралы Ресей жағына хабарласын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен
Ресей Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі арасындағы
ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясы және Ресей Ғылым академиясының
Сібір бөлімшесі,

1996 жылғы 25 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясы Үкіметінің арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы
Келісімді басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Осы Келісімнің мақсаттары ғылыми-техникалық әлеуеттерді күшейту, Тараптар мекемелерінің арасындағы ғылыми байланыстарды дамыту, ғылыми ынтымақтастық пен өзара мүдделі салалардағы ғылыми әзірлемелерді нақты жүзеге асыруға қол ұшын беру болып табылады.

2. Осы ынтымақтастықтың негізгі міндеттері идеялармен, ақпаратпен

және технологиялармен алмасу үшін қолайлы жағдайлар жасау, келісімді басым бағыттар мен бағдарламалар шеңберінде бірлескен зерттеулер мен әзірлемелер ұйымдастыру болады.

2-бап

Осы Келісім аясындағы ынтымақтастық мынадай жолдармен іске асырылады: бірлескен ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

ұлттық және халықаралық гранттар алуға тапсырыстар беруге бірлесе қатысу;

бірегей қондырғылар мен ұжымдық пайдалану орталықтарында зерттеулер жүргізу үшін рұқсат беру;

қалыптастырылатын технопарктік аумақтар шеңберінде бірлескен кәсіпорындар құру және онда өндіріс ұйымдастыру;

студенттермен мен жас ғалымдар үшін тағылымдамалар ұйымдастыру; ғылыми және басқа ақпаратпен алмасу.

3-бап

1. Бірлескен ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бюджеттік, бюджеттен тыс қаражаттары, сондай-ақ шетелдік кіріс көздері есебінен жүзеге асырылады.

2. Тараптар ғылымды көп талап ететін өнімдер шығаратын бірлескен өндірістер құру үшін инвестициялар іздестіреді.

4-бап

Тараптар ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық орталықтар мен

институттар және жеке ғалымдар арасындағы тікелей байланыстар мен ынтымақтастықты Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының зияндарына сәйкес қажетті жағдайлар жасай отырып дамытуға жәрдемдеседі.

5-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ғылыми жобалар мен бағдарламаларды орындауға белгілі жағдайларда және екі Жақтың келісімі бойынша үшінші елдердің ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық орталықтары, институттары мен жеке ғалымдары тартылуы мүмкін.

6-бап

Бірлескен жұмыстарды орындау барысында алынған ғылыми нәтижелер, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы заңдары бойынша таратуға болмайтынынан басқасы, әлемдік ғылыми қоғамдастық үшін қол жетерлік болады.

7-бап

Ғылыми жобалар мен бағдарламаларды орындауға қатысушы ұйымдар қызметкерлеріне іссапарлары мезгілінде сол келген елдің азаматтары үшін қолданыстағы шарттармен медициналық, әлеуметтік, тұрмыстық және коммуналдық қызметтер көрсетіледі.

8-бап

1. Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған міндеттемелерін қозғамайды.

2. Осы Келісім барлық қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардан өту басталған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл бойы қолданыста болады. Осы мерзім

біткеннен кейін Тараптар басқаша шешім қабылдамайтын ретте Келісім өздігінен келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады.

3. Осы Келісімге Тараптар хаттамамен рәсімдеген және осы Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып табылатын, сонымен қатар осы Келісім тәртібімен күшіне енетін шарт негізінде өзгертулер мен толықтырулар кіргізілуі мүмкін.

4. Осы Келісімді қолдану және түсіндіруге байланысты таласты

мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

5. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен екінші Жаққа қолданысты тоқтату мерзімінен алты ай бұрын жазбаша ескерту жіберу жолымен шығуына болады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылып жатқан және оның біту мезгілінде аяқталмаған ынтымақтастыққа қатысты ғылыми жұмыстардың орындалуын қозғамайды.

1998 жылғы шілдеде Алматы қаласында әрқайсысы 2 данадан - қазақ және орыс тілдерінде жасалды, сонымен қатар екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Ғылым министрлігі -
Ғылым академиясы үшін

Ресей Ғылым
академиясының Сібір
бөлімшесі үшін

Оқығандар:

Омарбекова А.

Қасымбеков Б.